

"Бір жолғы талондар құнының ставкаларын белгілеу туралы" Тараз қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 30 наурыздағы № 20-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 30 -7 Шешімі. Жамбыл облысы Тараз қалалық Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 шілдеде 109 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 ақпандағы № 42-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 15.02.2019 № 42-6 шешімімен, орыс тіліндегі мәтіні жоқ болып табылады мемлекеттік тілінде мәтінге қараңыз (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1."Бір жолға талондардың құнын белгілеу туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2006 жылғы 30 наурыздағы № 20-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-1-27 болып тіркелген, 2006 жылдың 21 сәуірінде № 31 "Жамбыл-Тараз" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа басылымда мазмұндалсын.

2.Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрайымы
Қалалық мәслихат
хатшысы

Д. Қожамжарова

Ө. Байшығашев

Төртінші шақырылған
қалалық мәслихаттың
2010 жылдың 25 маусымдағы
№ 30-7 шешіміне қосымша
Үшінші шақырылған

Тараз қаласы бойынша кәсіпкерлік қызметтері дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар құнының ставкалары

р\б	Сату бойынша кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	бір жолғы талонның құны
1	Газеттер мен журналдар сату	60
2	Тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет)сату	80
3	Бакша дақылдарын сату	120
4	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	250
5	4 квадрат метрге дейін саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер сату 4 квадрат метрден артық саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер сату	80 160
6	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	65
7	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату	60
8	Орман жидегі мен бал сату	70
9	Саңырауқұлақ және балық сату	90
10	Сыпыртқылар мен сыпырғылар сату	60